

Қ.Б. Күдерина¹, Ж.Д. Байтелиева^{2*}

¹А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, Алматы, Қазақстан;

²Назарбаев Университеті, Астана, Қазақстан

(e-mail: ¹kuralai.kuderinova@gmail.com; ²zhbaiteliyeva@nu.edu.kz)

Моңғолияның Баян-Өлгей аймағы қазақтарының тіліндегі дәстүрлі сөзсаптам бірліктері

Қазақ тілінің Қазақстан жеріндегі сөйленістерімен бірге өзге аймақтарда, өзге тілдік ортада өзіндік жазбаша да, ауызша да әдеби нормаларын қалыптастырып, өз бетінше дамып келе жатқан бөлігін тек сөйленіс, диалекті дегеннен гөрі аймақтық тіл деп атау керектігі отандық ғалымдар тарапынан анықталып қойған. Мұның мысалы ретінде өз жазуы, сөйлеу тілі негізінде нормаланған аймақтық әдеби тілі қалыптасқан Моңғолиядағы, Қытайдағы қазақтардың тілін келтіруге болады. Мақалада Моңғолияның Баян-Өлгей аймағы қазақтарының тілі қазақ тілінің аймақтық тілі ретінде зерттеу нысанына алынып, осы өңірдегі тілдік ерекшеліктер лексика, фразеологиялық және сөзжасамдық деңгейде талданған. Талдауға Баян-Өлгей аймағына жасалған ғылыми экспедиция материалдары пайдаланылды. Сонымен қатар, баяндамада тілдік ерекшеліктердің қалыптасуына әсер еткен факторлар да қарастырылған. Атап айтқанда, тілдік ерекшеліктердің қалыптасуына әсер еткен тарихи-мәдени, әлеуметтік-саяси, білім беру секілді факторлардың әсері де сөз болады.

Кілт сөздер: Моңғолия қазақтары, аймақтық тіл, ауызша сөз, лексика.

Kipicne

Бүгінде қазақ тілі ауызша да, жазбаша да кең қолданысқа ие болып отыр. Қазақ тілі көркемсөз, шаршысөз, ғылыми сөз және кәсіби сөздерде, функционалды стиль түрлерімен және сөйлеу тілі арқылы дамып, жетіліп келеді.

«Моңғолияның Ұлттық статистикалық басқармасының мәліметтері бойынша, Моңғолиядағы этникалық қазақтардың жалпы саны 102 983, яғни, моңғолдардан кейінгі екінші орынды иеленеді. Олардың ішінде Баян-Өлгей аймағында 83 776 адам, Хобда аймағында — 12 215, Ұланбатыр мен оның төңірегінде — 7 504, ал Эрдэнэт, Дархан, Бэрх және Шарыгол өнеркәсіптік аудандарында — 4 245 адам тұрады. Қазақстан Республикасы Елшілігінің нақтыланған мәліметтері бойынша, Моңғолияда 126 000-нан астам қазақтар тұрады» [1].

Түркі тілдер тобына кіретін қазақ тілінде дүние жүзінде 14,5 миллионнан астам ана тілінде сөйлейтіндер бар. Қазақ тілінде сөйлейтіндердің басым бөлігі ресми тіл болып табылатын Қазақстанда тұрады. Дегенмен маңызды қазақ тілді қауымдастықтар Қытай, Моңғолия, Ресей, Өзбекстан, Иран және Түркия сияқты басқа елдерде де кездеседі [2].

Соның ішінде, Моңғолиядағы қандастар алты-жеті ұрпақ ауысып үлгерсе де, әлі күнге дейін моңғол жеріндегі қазақ диаспорасы өзінің ана тілін сақтап келеді. Олардың сөйлеу тілі фонетикалық, лексикалық, морфологиялық, сөздік қоры жағынан елеулі өзгешеленгенімен, қазақтың біртұтас халықтық тілінен онша алшақтап кетпеген. Моңғолиядағы қазақтардың тілін арнайы зерттеу нысаны етіп, жан-жақты зерттеген ғалым Б. Базылханның пікірінше, мұндағы қазақ тілінің сақталуының басты бір себебі олардың Моңғолияға қоныс аудару үдерісінің әдеби тіліміз әбден кемелденген тұсқа тура келуімен байланысты [3].

Моңғолияның батысында тұратын ең маңызды этникалық топ ретінде және аймақтың оқшаулануына байланысты мұндағы қазақтардың тілі басқа аймақтардан салыстырмалы түрде ерекшеленеді. Айта кету керек, Моңғолия халқының көпшілігі моңғол тілінде сөйлейді, өйткені ол мемлекеттік тіл болып табылады, сонымен қатар қазақ және тыван сияқты түркі халықтарына жататын этникалық топтар өз тілдерінде сөйлейді. Моңғолия қазақтарының тарихи болмысы олардың бірегей мәдени және тілдік болмысын түсінудің маңызды факторы болып табылады. Александр Динердің Моңғолия қазақтарын ұлттандыру және трансұлттандыру туралы зерттеулеріне сәйкес, Моңғолиядағы қазақтар аймақтық геосаяси өзгерістермен астасып жатқан күрделі тарихы бар халық [5].

Моңғолиядағы қазақтардың тілін Түркиядағы, Ресейдегі, Ауғанстандағы, Еуропадағы қазақтардың тілімен бір қатарға қоя алмаймыз. Оның басты себебі — халықтың гео-саяси, әлеуметтік-экономикалық бірегей тіршілігі. Бір елдің ауқымына бірыңғай қоныстанып, өзінің мәдени, әлеуметтік, білім жүйесін, БАҚ құралдарын жасап отырған қазақ диаспорасының тілі осы мақалада лексика-фразеологиялық бірліктер, сөзжасамы тұрғысынан талқыланатын болады.

Материалдар мен зерттеу әдістері

Зерттеу жұмысының материалы ретінде 2022 жылдың тамыз айында Моңғолияның Баян-Өлгей аймағына жасалған ғылыми экспедицияда алынған сұхбаттардың аудиожазбалары алынды. Сонымен қатар, Баян-Өлгей аймағында жарияланған газет, журналдар, кітаптардан жинастырылған сөздер де талданады.

Экспедиция құрамындағы зерттеушілер алдымен Назарбаев Университетінің этика комитетіне өтінім беріп, олардан рұқсат алды. Этика комитетінің талабына сәйкес, зерттеу тобының барлық мүшесі CITI (Collaborative Institutional Training Initiative) курсынан өтті.

Экспедиция мақсаты — Баян-Өлгей аймағында тұратын қазақтардың ауызша тіліне назар аудару, қандай ұлттық сөйлеу мәдениетінің ерекшеліктері бар және аймаққа тән қандай лексика-фразеологиялық, сөзжасамдық норма бар деген сауалдарға жауап іздеу болды. Оның себебі 1500 шақырымнан асатын Қазақстанның батысы мен шығысының арасына ұшақ, пойызсыз атпен, арбамен жету жоқ бұрынғы кезде де айтарлықтай диалектілік айырмашылық болмаған. Қай өңірге барсаң да, тіптен ғасырлап араласпай кеткен қазақтардың ортасына барсаң да, түсінісіп кете береді. Сондықтан аз да болса, назарға ілігетін лексика-фразеологиялық бірліктер мен олардың сөзжасамы ерекше тоқталуды қажет етеді деп ойлаймыз.

Зерттеушілер Баян-Өлгей аймағында тұратын жасы 18–85 арасындағы жиырмаға жуық қазақ ұлты өкілдерімен әңгіме құрып, сөздерін аудиоға жазып алды. Әңгіме дайындықсыз түрде, еркін тақырыпта, яғни, сұхбат беруші өзі жақсы білетін, жақын тақырыпта, өзінің басынан кешкен оқиғаларын немесе жақынынан естіген оқиғаларын баяндау түрінде өтті.

Нәтижелер мен талқылау

Сұхбат берушілердің сөздеріне тән ортақ тақырып, негізінен, Баян-Өлгей аймағына қазақтардың қалай көшіп келген тарихы туралы болды. Бұл тақырып 1–2 кейде 3 рет сөз болғаннан кейін, келесі сұхбат берушілерге басқа тақырыпта сөз етуін өтініп, ескертілгеннің өзінде айналып, осы тақырыпқа соға беретіні байқалды. Әрине, бұл тақырыптың олар үшін үлкен саяси-әлеуметтік маңызы бар екені белгілі.

Зерттеушілердің назарына алдымен іліккені — бұл өңірдегі қазіргі жастардың да бірнеше тілді меңгеріп, сөзсәптауында сол тілдердің элементтерін әртүрлі деңгейде қолданып жатқандығы болды. Ал орта буын, қарт кісілердің ауызша сөйлеуінде бұл көрініс байқалмады.

Моңғолия қазақтарының тілін зерттеген қазақстандық ғалым Алмас Үдербаев бұл өлкенің саяси-әлеуметтік жағдайы туралы былай дейді: «Баян-Өлгей аймағы 1940 жылы Моңғолия Халық Республикасының Кіші құрылтайы шешімімен Қобда (Ховд) аймағынан бөлініп, қазақ, ұраңқай аймағы болып аталған. Аймақтың орталығы Моңғолия астанасы Ұланбатырдан 1758 шақырым қашықтықта орналасқан. Бұндағы халық санының көпшілігін қазақтар құрайды. Қазақтардан бөлек Баян-Өлгей аймағында ұраңқай, дөрбет, дзахшын, торғауыт, өөлд, моншак, ұйғырлар да бар. Сол аймақ орнағанда 10 сұмын (ауданнан кіші), 71 (кейбір еңбектерде 56 деп беріледі) бақ, 7063 үй болған екен. Бұл кезде аймақтың барлық адам санының 78 %-ы немесе 22788-і қазақ болыпты. Баян-Өлгей аймағының сыртында көптеген қазақтар Қобда және басқа аймақ, қалаларда өмір сүрген. 1990 жылғы мәліметке қарағанда, аймақ халқының 91 %-ын қазақтар, қалғанын тува, моншак, ұраңқай моңғолдардың ру-тайпаларына енетін халха, дөрбет, дзахшын, торғаут, өөлд сияқты ұлт, этнос өкілдері иеленеді. Қазіргі кезде бұл аймақ географиялық жағынан Моңғолияның батысында орналасып, территориясы сырт жақтан Ресей Федерациясының Алтай Республикасына қарасты Қосағаш ауданымен және Қытай Республикасымен, ал ішкі жақта көршілес Қобда мен Увс аймағымен шектесіп, 46 мың шаршы шақырым жерді алып жатыр» [6]. Осы арада біз Баян-Өлгей қазақтарының тілін жергілікті тіл дейміз бе, говор дейміз бе, әлде аймақтық тіл дейміз бе, болмаса аймақтық тілге өту үстіндегі тіл дейміз бе деген сауалға ойымызды айта кетейік.

Жоғарыда айтып өткеніміздей, бұл өлке Баян-Өлгей аймағы деп аталады. Аймақ сөзі — «көбіне-көп әкімшілік-территориялық бөлініспен байланысты айтылғанын» ғалымдар бірыңғай мойындайды.

«Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі» атты еңбекте «Аймақ — әкімшілік, аумақтық бөлініс» деп, аймақ пен өңір сөзін шатастыруға болмайтынын профессор Нұргелді Уәли былай түсіндіреді: «Өңір атауының айырмашылығы — аталмыш жерлердің негізгі табиғи ерекшелігіне, сол жерлердің жаратылыс орайына қарайғы халықтың шаруашылық өмірімен байланысты жайттарын да қамтиды», яғни, өңір табиғат, жер жағдайына қарай бөлініс те, аймақ әкімшілік-аумақтық бөлініс. *Аймақаралық, аймақтық, аймақтық ерекшелік, аймақтық нарық, аймақтық экономика* сөздері де осы мағына негізінде жасалған. Ендеше «әкімшілік, аумақтық бөліністе» өзіндік тілдік те ерекшелік болуы заңды. Осыған байланысты *аймақтық лексика, аймақтық сөздік* деген лингвистикалық терминдер пайда болған. *Аймақтық лексика* дегеніміз — «жергілікті жерде ғана емес, одан гөрі кең ауқымда қолданылатын территориясы бар тілдік ерекшеліктер», ал *аймақтық сөздік* дегеніміз — «басқа мемлекеттер территориясындағы тіл иелері, ұлт тілі сөйленістерінің лексикалық ерекшеліктерін қамтитын сөздік» деп анықтап берген [7].

Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты 2005 жылы «Қазақ тілінің аймақтық сөздігін» шығарды. Бұл сөздіктің бұрынғы 1969 жылы жарық көрген «Қазақ тілінің диалектологиялық сөздігінен» айырмашылығы бар еді. Бас редактор Ш. Сарыбаев: «... ұсынылып отырған сөздікте шетелдердегі қазақ диаспорасы бойынша материалдар тыңнан қосылып отыр. Сөздік атының «Диалектологиялық» емес, «Аймақтық сөздік» болу себебі Қазақстан жеріндегі сөйленістермен қатар, белгілі бір тілдік жағдайда өзге аймақтарда, өзге тілдік ортада өзіндік жазбаша да, ауызша да әдеби нормаларын қалыптастырып, өз бетінше дамып келе жатқан қазақтар тілінің мәртебесін тек сөйленіс, диалекті дегеннен гөрі аймақтық тіл деп атауға тура келеді. Мұның мысалы ретінде өз жазу-сызуы, сөйлеу тілі негізінде нормаланған аймақтық әдеби тілі қалыптасқан Моңғолиядағы, Қытайдағы қазақтардың тілін келтіруге болады» дейді [8]. Ендеше назарға алынып отырған Баян-Өлгей қазақтарының тілі қазақ тілінің аймақтық ерекшелігін құрайтын тіл, аймақтық тіл болып табылады дегенге біз де қосыламыз. Бұл пікірді, ең алдымен, Баян-Өлгей сапарына барғандағы жинаған тілдік материалдар, аудиожазба материалдары, аймақтың әкімшілік бөлінісі, қазақтардың бірыңғай қоныстануы, ортақ мәдениет, өзіндік әдебиет, кітап шығару ісі, БАҚ құралдары дәйектей түседі. Сонымен бірге, Моңғолия қазақтарының тілін зерттеген ғалым Алмас Үдербаевтың пікірі дәлелдей түседі: «Сөз етіп отырған қазақтардың Батыс Моңғолияға қоныстанғаннан бергі ұзақ уақыт аралығында алты-жеті ұрпақ ауысып үлгерсе де, әлі күнге дейін моңғол жеріндегі қазақ диаспорасы өзінің ұлттық қасиетінің басты элементі — ана тілін сақтап келеді. Олардың сөйлеу тілі фонетикалық, лексикалық, морфологиялық, сөздік қоры жағынан елеулі өзгешеленгенімен, қазақтың біртұтас халықтық тілінен оншалық алшақтап кетпеген. Сонымен қатар, мұндағы қазақтардың өз тілін сақтауының басты бір себебі олардың Моңғолияға қоныс аудару үдерісінің әдеби тіліміз әбден кемелденген тұсқа тура келуімен байланысты. Бұған қоса тілдің ішкі даму заңдылығының өріс алуы, соңғы сексен жылдан бері мектеп, баспасөз, радио, театр т.б. рухани мәдениет саласы арқылы Қазақстан мәдениетінің игі ықпалы болуы сияқты факторлар да тілдің сақталуына септігін тигізді» [6]. Осы себепті сұхбат бергендердің көбі айтып, мойындап отырды. Кітапхана, оқу-білім орталықтарында Қазақстанда жарық көрген кітаптар, мектеп оқулықтары көптеп саналады екен. Сондай-ақ, Қазақстанның ұлттық телеарналары да көрсетіледі. Сондықтан бір қарағанда бұл аймақ қазақтарының тілі Қазақстанның жергілікті қазақтарының тілінен аса бір айырмашылығы жоқ болып та көрінгені және таңғалдырғаны рас. Дегенмен сөйлесе келе, тыңдай келе, әсіресе, жазба әдебиеттерін, баспасөз материалдарын оқи отырып, аймақтың өзіне тән лексика-фразеологиялық, сөзжасамдық және ұлттық сөзсаптау ерекшелігі бар екеніне көз жеткіздік.

Сұхбат алу барысында бірден назарымызды аударғаны, әрине, аймаққа тән қолданыстар болды. Олардың бірқатары мынадай:

Жырғау — біраз өрлеу;

Тілеңкі — қайыршы;

Аластану — алыстау;

Жәрдемгі — жәрдем;

Берімсек — қолы ашық;

Жыны оңай адам емес — мықты кісі;

Сергіту — жетілдіру, дамыту;

Қалай де? — Баян-Өлгей қазақтарының сөзсаптамасындағы әңгімені өрбітуде қолданылатын сұрақ түріндегі жауап;

Хан ату — ханталапай ойынының бір атауы;

Жиырманшы — Баян-Өлгей қазақтарының тіліндегі жиырмасыншы сөзінің ескі нұсқасы;
Сыйлану — сыйлыққа ие болу;
Бөбөжік — саусақтың басы жағының іші;
Түсу — жұмыс кезегінен (смена) шығамын деген мағынада қолданылады, шығу;
Қабаттасу — бірдей болу;
Ақыреттік киіз — мәйітті орап алып шығатын киіз;
Табандап жүру — шыдап, ұзақ, тұрақты жұмыс істеу;
Бейуақ — күн таласқан уақыт;
Дән-дәулет — ырыс несібе;
Малдану — мал бағу;
Ұғысу — түсіндіру;
Сал айдау — өзенде сал ағызу;
Несінші жылы — ондық санға қосып, нақты жылы белгісіз жылды айтқанда қолданылатын сөз, мысалы, жиырма несінші жылдары;
Ел ақтау — қайыр тілеу;
Аузы бос — ауызға сөз тұрмайтын кісіні айтады;
Білері жоқ — ой-өрісі таяз;
Жіберіп бере алу — жіберу (Мысалы, маған осы файлды жіберіп бере аласыз ба?);
Сезімі дұрыс емес — психикалық ауытқуы бар;
Бір тағдыр — бір адамның өмірі өтті деген мағынада қолданылады;
От пен суға түспесін — босқа қиналмасын;
Дөй дала — 1) ай дала, елсіз жер; 2) ешкіммен шаруасы жоқ, өз алдына жүретін адамға катысты айтылады;
Тектеу — тегін сұрап, анықтау;
Кейіндеу — кешігу;
Кісі көру — халық емшісінің адамдарды қарауына катысты айтылады;
Жолшын — жолаушы;
Өнгіл — ағылшын;
Ем ішу — дәрі ішу;
Емілгі — емхана;
Зыр — ағып тұр деген мағынада, мысалы, қазақ тіліне зыр;
Қас істеу — қастандық жасау;
Кешірім ету — кешірім сұрау, кешірім өтіну;
Асылында — шынтуайттап келгенде;
Мәселе жоқ — әңгіме жоқ, ештеме жоқ деген мағынада;
Кісі жері — бөтен жұрт;
Таяп жүру — келіп қалу, жақындау мағынасында айтылады;
Майлау — үйді, затты жалға беру;
Шұбар сөз — бос сөз, артық сөз;
Даяшылық жасау — қызмет көрсету (мысалы, банкте даяшылық жасау);
Үй-іш — әйелін, зайыбын солай атайды;
Доктырхана — аурухана;
Жұмыстау — жұмыс істеу;
Қалың туыс — көп туыс;
Бізкесте — тоқылған ою;
-тың.... -да — кісінің жасын маңыз беріп айтқанда қолданатын грамматикалық форма, мысалы, алпыстың бесеуіне келдім.
Тауысу — тәмамдау, бітіру (мысалы, оқу орнын тауысты);
Визасы табыссыз болу — виза аламау;
Пайдаға берілу — қолданысқа беру;
Машина ұстау — машина айдау;
Денелей — жанды;
Қызметтену — жұмыс істеу;
Тоқтата алмау — есіне сақтай алмау;
Ұсақтар — балалар;

Бұғы малдану — бұғы шаруашылығымен айналысу;
 Қозы жамыратып алу — айырылып қалу;
 Көріс айту — жоктау айту;
 Зорсынғанға Алла бар, сом темірге балға бар.
 Тапқан мақтан емес, баққан мақтан т.б.

Міне, сұхбат берушілер мен әртүрлі қоғамдық орындарда кездесіп қалған Моңғолия қазақтарының тілінде жиі қайталанатын және назарға ілігетін қолданыстардың біразы осындай. Негізінен бұлардың бәрі уәжді қолданыстар, қазақ тілін білетіндер бірінші рет естісе де, түсінетін, мағынасын ұқсатып, ассоциациялап алып ұғыныса беретін сөздер. Генетикалық коды ортақ, бір тарихи-мәдени қауымдастық өкілдеріне мазмұны ортақ сөздер. Сонымен бірге, «Моңғолия қазақтарының тілінде жергілікті ерекшеліктермен қатар қазіргі қазақ тілінде ескіріп, қолданыстан шыққан байырғы сөздердің біразы әлі де қолданылады екен. Бұл жалпы шет жерде қоныстанған тіл өкілдерінің сөйлеу тіліне тән ерекшелік (фонетикасындағы, лексикасындағы, тілдік болмысындағы көнеліктің сақталуы) болуы керек деген Алмас Үдербаевтың [6] пікірі де орнықтыра түседі. Мысалы, Қазақстанда «баран» деген сөзді тарихи шығармалардан оқып түсінгенімізбен, күнделікті өмірде бұл сөзді мүлде қолданбаймыз. Немесе оның «Қазақ әдеби тілі сөздігі» көрсетіп отырған «жылқының қара қоңыр, қара кер» түсін айтатынын білмейміз де (жылқы шаруашылығы дәстүрлі шаруашылықтан алыстап бара жатқандықтан жылқының түстерін бүгінгі қазақ тап басып, айтып, ажырата алмайды [9]. Ал Баян-Өлгей қазақтарының тілінде бұл негізгі түстің бірі, жиі қолданылатын түс атауы. Ауыспалы мағынасында да қолданылады, мысалы, *Бір адамға тиесілі дәулет, сақтаудағы ақшаның мөлшері жағынан әлемде баранын көрсетпейтін ұлт та солар көрінеді* [10, 11.] деген сөйлемде «қарасын көрсетпеу» мағынасын беріп тұр. Сөз болып отырған әдеби тілдің сөздігінде құрастырушылар, авторлар осы сөздің мағынасын қате ашқан. Баран сөзінің 1-омонимдік мағынасын «Мал, дүние, мүлік» делінген. Ал мысал ретінде «Астықтың артығын төңіректегі елге малға айырбас етумен бұлардың мал б а р а н ы көбейіп бай болды» деген Ыбырай Алтынсарының (Ы. Алтынсарин, Қырғыз хрестоматиясы) дұрыс қолданған сөйлемін қате түсіндірген сияқты. Мұнда Ыбырай Алтынсары «мал қарасы көбейді» деген мағынада жұмсаған. Осы мағынада *Мүмкін сіз баспасөз құралдарынан «киім үлгісін жасау саласының 36 жастағы Т. деген мәртебелі Форбстың миллиардерлер тізіміне кенет кеуделеп кіріп келді» дегендей сарындағы ақпаратты көп естіген боларсыз. Кенет деген сөз жай бір баспасөз ақпарат құралының (БАҚ) көзіне шалдыққан баран нәрсе* [10, 27]. *Қанша көңілді, жан рақатына бөленіп тұрсаң да кейінгі қорытынды салдары қара баран болса одан тез алыстағаның жөн болады!* [10, 32]. *Бірақ менің өмірімнің барандаған көлеңкелі бөлігінің жаңа ғана «алғысөзі» бұл екенін сол кезде қайдан білейін* [10, 57]. *От арбадан түсісімен мұнда бізді жаппай баран сұрғылт әлем күтіп алды* [10, 60] делініп, Моңғолия қазақтары да қолданады. Ендеше қазақ әдеби тіліндегі көне сөз, мағынасы көнерген, түсініксіз сөздер Баян-Өлгей қазақтарының тілінде белсенді қолданыста болып отыр. Сол сияқты үйде қамалып отырып қалу мағынасында *үйкүшіктену* деген етістік бар екен. Мысалы: *Қазір ол үйкүшіктеніп, теларнадағы жеңіл желпі шоу, сын айтқаннан басқа жұмысы жоқтың бірі* [10, 16] Бұндай аймақтық тіл ерекшеліктерін салт-дәстүрге байланысты сөздер, әлеуметтік-тұрмыстық жағдайға қатысты сөздер, отбасылық, ауыл, ел іші коммуникациясына қатысты сөздер, әдеби тілде жоқ грамматикалық формалар, аймақтық коммуникативті бірліктер және моңғол тілінен калькалап жасалған сөз тіркестері, синтетикалық тәсіл арқылы жасалған сөздер деп бөлуге болады.

Бізді алдымен қызықтырғаны соңғы топ, яғни синтетикалық тәсіл арқылы жасалған сөздер болды. Өйткені қазақ әдеби тілінде аналитикалық тәсілмен жасалған ұғымдар мен қимыл-қозғалыс атаулары Моңғолия қазақтарының тілінде синтетикалық тәсілмен жасалып, еркін қолданатыны бұл аймақтың тілдік ерекшелігі ме деген қорытындыға келдік. Мысалы, қазіргі қазақ тілінде орыс тілі арқылы енген *аренда* (лат. agenda, agendare — «қайтарып беру») сөзі осы қалпында күнделікті өмірімізде жиі қолданылады. Оны *жалға беру, жалға алу* деп сөз тіркесімен қазақшалап та айтып жүрміз. Бірақ көбіне *арендаға аламын, арендаға беремін* деп қолданыла береді. *Жалдау* деп те синтетикалық жолмен жасадық, бірақ *үй жалдау* деген кезде *берушіні* ме, әлде *жалға алушыны* ма, кімді айтып тұрғанымыз белгісіз болып жатады. Сондықтан міндетті түрде *жалға аламын* немесе *жалға беремін* деп тіркестіріп айтуға тура келеді. Ал Моңғолия қазақтары бұл сөзді «*майлау*» деп айтады. *Үй майлау* дегенде «*үйді жалға беретін*» де, «*үйді жалға алатын*» да бірдей айтылып, мәнмәтін арқылы түсінікті бола береді. *Майлау* сөзі *май* түбірі, *-ла* етістік тудыратын жұрнақ болып, түбірі арқылы қарағанда мағынасы түсінікті болады. Бірақ *майлау* сөзінің қазақ тілінде «жұмсарту үшін май

жағу», «үйдің іші-сыртын ақтау» және «ауызбастырық беріп, аузын жауып қою» деген ауыспалы мағынасы бар. Бұл мағыналардың ешқайсысының «жалға беру-алуға» қатысы жоқ. Тек бұрынғы дәстүрлі шаруашылықта біреудің атын алып, пайдаланып болғаннан кейін аттың майы деп, ақысын беретін болған. Яғни, аттан кеткен майдың ақысы деген мағынада. Сонда Баян-Өлгей қазақтарының тіліндегі үйді, затты майлау деген осы «ат майы» түсінігімен қатысты жасалған болуы керек. Сұхбат берушілердің айтуы бойынша, моңғолдар аттың майы үшін емес, аттың тері үшін деп ақы беретін болған. *Хөдөлмөрийн хөлс* — «еңбек ақы», «еңбектенгендегі шыққан тер», үйді ақыға бергенді *байшин хөлслөх* — «үйдің тері» деп атайды. Сонда *аренда* сөзін ат пен аттың майы мен тері арқылы есептеу моңғол мен қазақ немесе түркілердің ұғым түсінігі бір екені аңғартады. Сол сияқты біз *тегін сұрау*, *анықтау* деп қолданатын тіркесті *тектеу*, *малды болу* дегенді *малдану*, *сый-сыяпатқа ие болу* дегенді — *сыйлану* деп атайды. Сондай-ақ, *тілеттіру* деген сөз «қажет ету» деген мағынада жұмсалады және жазбаәдеби тілінде қолданылады. Мысалы: *Қанған ерітінді одан ары қарай затты сіңіре алмайтын сияқты қанған көңіл де одан кейінгі жеңіс табысқа қарай талпынуды тілеттірмейді* (Б. 29). Қазіргі қазақ тілінде жиі қолданылатын *жұмыс істеу*, *жұмыс жасау* (бұл тіркес Маңғыстау, Атырау қазақтарының тіліне тән) тіркестері *жұмыстау* деп қана қолданылады. Мысалы: *Осылайша жүріп, олар 36 жасқа толғанда еврей жігіт өзінің заң фирмасын орнатып, жұмыстатып, үлкен беделді азамат болып, Беверли Хиллсте орналасқан тек жатын бөлмесі төрт болатын зәулім жайлы үйлі болып, онда көрікті әйелі, тәрбиелі төрт баласымен өмір сүріп жатады* (Б. 16). *Табысты еврейлер ұзақ уақыт бойы дәл швейцарь сағаты сияқты бір қалыпты, ақаусыз тоқтамай жұмыстай береді* (Б. 33). Сұхбат берушілердің барлығында тек *жұмыста* = түбірінен өрбіткен *жұмыстату*, *жұмыстану*, *жұмыстау* түрінде ғана қолданылды. Сондай-ақ, көріп отырғанымыздай, жазба әдебиетінде осы формада еніп кеткен. Бұл сөзжасамдық тұлға қазақ тілінің қалыпты сөзжасау жолдарының орныққан тәсілі. Сол сияқты *тізімдету* деген сөз де қазіргі қазақ әдеби тілінде *тізімге алу*, *тізім жасау*, *тізім құру* деген тіркестер арқылы беріледі. Мысалы, «оқуға барасың ба, қаласаң мектеп басшысына айтып *тізімдетейін*». Біздіңше, ұғымды тіркеспен беріп, сөзді ұзарту орнына синтетикалық тәсіл арқылы қысқартып, сөз жасау ыңғайлы болады. *Керектенілу* сөзі де Баян-Өлгей қазақтарының тілінде *керек болу*, *қажет болу*, *қолдану*, *қажетіне жарату* тіркестерінің орнына жазба тілде де қолданылады. Мысалы: *Қазіргі кездегі ең атақты кітаптардың сөз саны: «Жүзжылдық жалғызсырау» (Габриэль Гарсиа Маркес) — 144523, «Аш ойын» (Сюзан Коллинс) 99750, «Харри Поттер және құпиялы бөлме» (Ж.К. Роулинг) — 76944, «Біздің жұлдыздардың қатесі» (Жон Грин) 67203, «Жануарлар фермасы» (Жорж Оруэлл) 29996 болса, қазақтың атақты жазушысы Мұхтар Әуезовтің жалғыз «Абай жолы» романында ғана 18 мыңнан астам қайталанбаған сөз керектенілген екен.* (Б. 28). *Израильдықтардың суды қалай аялап үнемдеп керектенетін барлық тәсілді іздестіріп әрі қолданып келеді* (Б. 118). *Содан олар көңілден түсуден құтылу үшін депреске қарсы әсер ететін ем дәрі, арақ, наша заттарды көптеп керектене бастайды* (Б. 82).

Сапалану сөзі де біздің, қазақстандықтардың, *сапаға ие болу*, *сапалы болу* тіркестері түрінде ғана қолданылады. Сондай-ақ, *мидың сыртқы фортекс бөлігінің кейбір сезім талшықтары мен жалғастырушы тамырлары өте сапаланған* (Б. 46). Біздіңше, бұл сөз саптаудағы үнемділік, нақты, деректі ұғымдардың жиі қайталануы негізінде ұғымдардың дерексізденуін білдіретін тәсіл.

«Ішкері аймақтардағы қазақтарды айтпағанда, Баян-Өлгей аймағындағы қазақтардың көпшілігі моңғол тілін жақсы біледі. Қазақтар ана тілінде сөйлей отырып, моңғол сөздерін, моңғол тілі арқылы енген кірме сөздерді көп қолданады. Дегенмен оларда билингвизм жалпылық қасиетке ие емес. Моңғол тілін білетіндердің көпшілігі жоғары білімділер, ғылыми, әкімшілік саласындағы қызметкерлер, мұғалімдер т.с.с. Мектепте моңғол тілі оқытылатындықтан, мектеп оқушылары да осы тілде түсінісіп, сөйлесе алады» [6, 23].

Сондықтан Баян-Өлгей қазақтарының тілінде моңғол тілінен аударылған калька сөздер мен тіркестер де бар екенін көрдік. Мысалы, *кем жоқ* — *мін жоқ*, *ұғысу* — *түсіну*, *қауын* — *қарбыз*, *бар ма?* — *телефонмен сөйлескендегі «алло» деген сөз*, *қалай-қалай?* — *шамамен деген мағынада қолданылады*, *жалғау* — *телефонмен хабарласу*, *мұңғыл* — *моңғол*, *ай* — *12 айды санамалап, айтуда қолданылады*, *мысалы, 1-ай деп, қаңтарды атайды*, *қаша* — *қора-жай*, *киіз үй*, *аула*; *жаз үй* — *қоржын үй*, *келінай* — *самаурынның үстіндегі темір қалбыр деген мағынада айтылатын сөз*.

Кез келген тіл өзі құрамында болған билеушілердің тіліндегі сөздерді сол қалпы алады, не аударып, калькалап алады. Сол сияқты Моңғолия қазақтары да моңғол тілінен аса қыспақ көрмесе де, ана тілі — қазақ тілінде білім алып, газет оқып, телерадио тыңдаса да, күнделікті тіршілікте қатар

өмір сүргеннен кейін, әсіресе қарым-қатынас барысында көп сөздерді ерікті, еріксіз аударып, стихиялы түрде қолдана берген. Баян-Өлгей қазақтарының өздері *кем жоқ* деген қолданысты моңғол тілінен калькаланып аударылған дейді. Моңғол тіліндегі *гэм* сөзінің мағынасы «кінә», *үгүй* сөзінің мағынасы «жок» дегенді білдіреді. Екі сөз бірігіп, *ү* дыбысы түсіріліп, *гэмгүй* тіркесі жасалған, мағынасы — «оқасы жоқ», «міні жоқ», «болады» дейді сұхбат берушілер. Мысалы: *Сынақтан ештеңе болмай аман есен шықтық* деген сөйлемді моңғолша *Шалгалтаас гэмгүй эсэн мэнд гарлаа* десе, қазақтар «Сынақтан кем жоқ аман есен шықтық» деп бірге жазып, бір сөз етіп айтады екен. Бірақ Ақтөбе облысында «сайлы, дәл, тамаша» деген мағынада *кемі жоқ* (кем жоқ емес) деген қолданыс бар. Сондықтан *кем жоқ* қолданысы моңғол тілінен аударылған дегенді әлі де қарастыру керек деп ойлаймыз.

Енді Моңғолия қазақтарының тілінде ғана қолданылатын жаңа сөздер бар, соларға келсек. Баян-Өлгей қазақтарының жарияланған баспасөз, әдебиет тілінің үлгісі ретінде мысалдарды 2021 жылы Ұланбатырда шыққан Омарұлы Қапсаттардың «Шарықтағандар» кітабынан жиі алатын боламыз. Мысалы, құрамдас: *Бүгінге дейін көптеген зерттеушілер табысқа жетелейтін қажетті құрамдастар туралы мыңдаған қосындыны атап жазып келді* (Б. 21). Қазақ әдеби тілінде бұл «құрам, құрамына алынғандар» мағынасына сәйкес.

Қанымдалу: *Израильдықтар кішкентай бала кезінде ауыр теңдеуді шығара алмай тұра, есейгенде математиканың ең ауыр, күрделі есептері бар программалық қанымдалу (софтвейр) мен сандық (диджитал) жаңалықтар ашатыны таңғаларлық жәйіт* (Б. 22). Мүмкін біздің жаман әдеттеріміз: *жайсыз естеліктерді ұмыту, көңілдің жарасын жазу, өткенді еске алмау, тілегін қанымдау, той думанды сезіну деген сияқты мақсаттары бар болуға болады* (Б. 43). *Сегіз жастағы бала еврей шеше сабақ құралдары мен дәптер кітапты толық қанымдайды. Жейді, не жемей суытып алса, оның салдарын өзі көріп суық тамақ ішеді* (Б. 87). Мұндағы қанымдау сөзі «жабдықтау», «қанағаттандыру», «орындау» мағынасында қолданылған.

Тіптімдеу: *Осылайша еврей инженер ұшақ өндірісінің бөлшек бас сайынының құралдарын басынан бастап аса назар салып қарап, ұстап тіптімдеп бірінен екіншісіне өтіп ілгерлей береді* (Б. 26). Қазақ тілінде *там-тұмдап* деген сөздің бір фонетикалық варианты бола отырып, семасында өзгерісі бар сөз жасалған.

Сол сияқты бұл аймақта грамматикалық формалардың өзгеше қызметі арқылы да жаңа сөздер жасалған. Мысалы, лепіріс: *Біз көңіл күйімізге ие болып, қандай да бір шешімді көңілдің лепірісімен емес ақылмен қабылдайтын болсақ қандай тамаша* (Б. 32). Дамыс: *Техника мен технология саласында үлкен жаңалық ашып, ұшақ, ғарыш техникасы, медицина ғылымының жаңа техника жабдықтары қатарлы адам баласының дамысына үлкен серпін берген, жаңа да тамаша жаңалық ашқан 500 жаңашылдардың 280-і еврей ұлтының өкілі екен* (Б. 12). Ойлам: *Ертеңінде еврейдің шотына ұшақ өндіруші компаниядан 60 мың доллар аударылған екен. Міне, бұл еврей ойлам* (Б. 27). *Музыка маманының анықтамасына қарасақ, София табиғатынан музыкада ерекше дарынды емес ойламы сондай бір шабытты да емес, оқу шамасы қалыпты, жалпы орта деңгейдің беріліміндегі қыз бала* (Б. 44).

Қазақ әдеби тілінің сөзжасамында бұл қызметті *-у* қимыл атауының формасы атқарады; *даму, лепіру, ойлау* деген сияқты. Бұл қазақ әдеби тілінің тарихында өткен ғасырда болған, қазір ұмыт қалған сөзжасамдық жұрнақ Баян-Өлгей аймағының қазақтарының тілінде көне тәсіл ретінде сақталған.

Сондай-ақ, *алдыңғы, артқы, соңғы* деген сияқты сөзжасамдық тәсілді бұл аймақ қазақтары әлі де пайдаланып, сөз жасап отыр. Мысалы: *Ғану етіңіз мәртебелім... Табыс биігіне лифтпен шығып жетейін деген көп реткі әрекетіңіз сәтсіз болғанын қарап отырдым* (Б. 15). *Тансықтау дегеніміз кездейсоқтан сәті түсу ғана. Ал табысқа жету ешқашан бір реткі сәті түскендік емес* (Б. 25). Мұндағы *көп реткі, бір реткі* сөздеріндегі *-кі* жұрнағы қазақ әдеби тілінің сөзжасамында етістік арқылы беріледі: *көп рет жасау, бір рет жасау*. Сонымен қатар, *-дас, -дес -тас, -тес* жұрнағымен жасалатын жатақтас деген сөз де жаңа деп ойлаймыз. Себебі дәстүрлі қазақ шаруашылығында жатақтас деген түсінік болмаған, бұл кейінгі әлеуметтік өзгерістердің нәтижесінде пайда болған сөз болуы әбден мүмкін. Мысалы, *Сонымен сен «қатты» мінезді ұстаздар, тек өзін ғана ойлайтын дандайсыған жатақтасыңмен қалай ебін тауып өмір сүру амалын табу деген талап қойылады* (Б. 82). Бұл сөз Моңғолия қазақтарының тілінде әскери қызметте жүргендерге қатысты қолданылады.

Сондай-ақ, *қарыған тауық еті, сандық темекі, ұласпалы кино* деген де жаңа қолданыстар пайда болған. Мысалы, дәстүрлі тіршілікте нанды қарып пісіреді де, оны *қарма, қарма нан* деп атаған. Дәл осы сөзжасамдық үлгіні етті табаға қарып пісіргенге сәйкестендіргендіктен қазақы ұғымға сай шыққан. Қазақстанға да тағамның осы жаңа түрі келді, бірақ бізде *қуырылған* деп аталады. *Қуырылған* деген сөз майға қуыруды айтады, ал қару — еттің өзінің майына қару немесе майсыз табаға басып пісіруді айтады. Сондықтан Моңғолия қазақтарының жасаған жаңа сөзі уәжді. *Телесериал, бірнеше сериялы телефильм* деген сөз, ұғым қазақ әдеби тіліне әбден орнығып алған. Бұл сөз орыс тілі арқылы енген, дәл осы қалпында орыс тілінде де қолданылады. Ал Моңғолия қазақтарының тілінде бұл сөз қазақшаға аударылып, *ұласпалы кино* деп аталады. Бұл сөздің дә уәжі бар, яғни, бір серия екіншісіне ұласып, келесі сериясында алдыңғының жалғасын көріп отырсыз. Мысалдар: *Дүниежүзіндегі чипс, бургер, қарыған тауық еті, пиццаның ең үлкен шығарушыларының осы бір мақсаты сіздің машығыңыз болып кеткен еді* (Б. 36); *Екі ауысуды емдейтін көптеген дәрігері орындар фейсбукті «сандық (дигитал) темекі» деп атап шектен асқан қолданысын қате машық деп мойындайды* (Б. 39); *Олар сені сенсациялық шуылдатқан бір хабардан екіншісінің ортасында ұстап, ұласпалы киноның бір бөлігінен екіншісінің арасында байлап отыруды көздейді* (Б. 36).

Қазақ тілінде *түн, бір күн, бір түн* дегендегі ұғымда біз *түн* сөзін қолданамыз. Мысалы, *бір түн түнеп, қайтты* десе. Ал сөз болып отырған аймақ қазақтарының тілінде *бұны қонақ* деп атайды. Яғни, *қону* деген түбірден шығады. Қазір бұл мағынада бізде (Қазақстанда) *қонақасы* сөзі ғана сақталған. Яғни «қонатын, түнейтін адамға берілетін ас». Және *қонаға бару* деген сөз бар. Ал *күндіз* сөзіне антоним ретінде тек *түн* сөзін қолданамыз. Моңғолия қазақтарының тілінде *түн* емес, *қонақ* сөзі қолданылады. Мысалы: *Орташа деңгейдегі адам күнінде 8 сағатты ұйықтап өткізеді деп есептесек, біз әр айдың 19 қонағын (тәңертеңнен кешке жатқанға дейін үзіліссіз) тек теледидарға телміріп, айтпесе әлеуметтік желіде отырып өткізеді деген сөз* (Б. 36). *Мен де қуланып асып тасып, басқаларға ұқсап «соғыс бітті. Біз құтқарылдық» деп дүниежүзіне жариялап айғайлайын десем су ішпегелі 2 қонақ болғандықтан тамағым кеуіп еш үн шықпады* (Б. 65).

Қорытынды

Моңғолияның Баян-Өлгей аймағы қазақтарының тілі қазақ тілінің аймақтық тілі ретінде қарастырылған бұл мақалада осы өңірдегі тілдік ерекшеліктер лексика-фразеологиялық және сөзжасамдық деңгейде талданды. Сонымен қатар, мақалада тілдік ерекшеліктердің қалыптасуына әсер еткен факторлар да талқыға алынды. Атап айтқанда, тілдік ерекшеліктердің қалыптасуына әсер еткен тарихи-мәдени, әлеуметтік-саяси, білім беру сияқты факторлардың қазіргі Баян-Өлгей аймағындағы қазақ тіліне әсері сөз болды.

Зерттеу нәтижесінде шыққан тұжырымдар Баян-Өлгей қазақтары, негізінен, осы өлкеде жаңа өмірлері басталғандай, жаңа қоғамдық формацияға ауысқандай, осы өңірді өзінің туған жеріне ақылмен, күшпен, табандылықпен, саясатпен, мінезбен айналдырғандай күйді аңғартты. Үлкен елдік ұстанымының арқасында, діні, тілі, ділі бөтен жұртпен, өз елінде емес, сол елде жарасып тұрып кеткен қазақ мінезінің, ұлттық қасиетінің, толеранттылықтың арқасында деген тұжырымға келдік. Сонымен қатар, Моңғолия қазақтарынан сұхбат алу кезінде байқалған мынадай сөз саптау ерекшеліктері байқалды: берілген сұраққа нақты жауап беру немесе жауап беруге тырысу; қойылған сұрақтан немесе сөз болып отырған мәселеден ауытқымау немесе ауытқымауға тырысу; сұраққа жауабы болмаса, басқа сөз айтып, тақырыпты ауыстырмау мәдениетін сақтау; аз сөйлеу. Ал лексика-фразеологиялық жүйесіндегі сөзсаптам бірліктерінің барлығы дерлік уәжді қолданыстар деген тұжырым жасалды. Өйткені қазақша сөйлейтіндер бұл қолданыстарды алғаш естіп тұрса да, бірден түсінуіне, ұғынуға болатын сөздер. Сөзжасамдық деңгейде талдау бойынша қорытынды қазіргі қазақ әдеби тілінің нормасында аналитикалық тәсілмен жасалып, қолданыс тауып кеткен ұғымдар мен қимыл-қозғалыс атаулары Моңғолия қазақтарының тілінде синтетикалық тәсілмен жасалып, еркін қолданады деген ойды нақтылады.

Алғыс айту

Осы зерттеуді жүргізуге мүмкіндік берген Назарбаев Университетіне алғыс білдіреміз.

Жоба демеушісі туралы сілтеме: 021220FD4351.

Назарбаев Университеті жаратылыстану, әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар мектебі, қазақ тілі және түркітану кафедрасы.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Моңғолиядағы қазақтар. — [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділігі: <https://kk.wikipedia.org/wiki/>
- 2 Lewis M. Paul. Ethnologue: Languages of the World. 24th edition / Lewis, M. Paul, Gary F. Simons, and Charles D. Fenning (Eds.). — Dallas, Texas: SIL International. Online version. — 2021.
- 3 Базылхан Н. Моңғолиядағы түрік тектес этностар жайында / Н. Базылхан // Орталық Азияның қазақ диаспорасы: тарих — мәдениет — ескерткіштер. Халықаралық ғылыми конференция материалдары. — Алматы, 2014 ж. — 5 желтоқсан. — Б. 67-71.
- 4 Базылхан Б. Моңғолиядағы қазақтардың тілі / Б. Базылхан. — Ұланбатыр, 1991. — 206 б.
- 5 Diener A. «One Homeland or Two? The Nationalization and Transnationalization of Mongolia's Kazakhs» [Electronic resource] / A. Diener // Progress in Human Geography. — 2009. — Access mode: <https://journals.sagepub.com/doi/abs/10.1177/03091325110350010301>
- 6 Үдербаев А. Моңғолиядағы қазақ диаспорасы тіліндегі фонетикалық ареал құбылыстарды салыстырмалы зерттеу: фил. ғыл. канд. ... дисс. Маманд.: 10.02.02 — қазақ тілі. / А. Үдербаев. — Алматы, 2002.
- 7 Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі / Ғыл. ред. және жоба жетекшісі Нұрсан Әлімбаев. — Алматы: «Азия Арна» баспасы, 2014. — 5-том. Ө-Я. — 840 б.
- 8 Қазақ тілінің аймақтық сөздігі / Құраст.: Ғ. Қалиев, О. Нақысбеков, Ш. Сарыбаев, А. Үдербаев және т.б. — Алматы: Арыс, 2005. — 824 б.
- 9 Қазақ әдеби тілінің сөздігі [Он бес томдық] / Құраст.: Ғ. Қалиев, С. Бизақов, О. Нақысбеков және т.б. — Алматы: Арыс, 2011. — 2-том. А-Б. — 744 б.
- 10 Омарұлы Қ. Шарықтағандар / Қ. Омарұлы. — Баян-Өлгей, 2015.
- 11 Қазақ диаспорасы тілінің нормативтік және диалектілік сипаттамасы // Тілтанымдық зерттеулер (2000–2002 жж. зерттеулер бойынша жинақ). — Алматы: Арыс. — 2007.

К.Б. Кудеринова, Ж.Д. Байтелиева

Традиционные языковые единицы на языке казахов Баян-Өлгийского района Монголии

Помимо диалектов казахского языка в Казахстане, следует отметить статус казахского языка, сформировавшего свои письменные и устные литературные нормы в других регионах, в иной языковой среде и развивающегося самостоятельно. Примером тому является язык казахов Монголии и Китая, которые разработали региональный литературный язык на основе собственной письменной и устной речи. В данной статье казахский язык Баян-Өлгийского района Монголии рассмотрен как региональный язык казахского языка. Языковые особенности этого региона проанализированы на лексическом, фразеологическом и словообразовательном уровнях. Для анализа были использованы материалы научной экспедиции в район Баян-Өлгий Монголии. Кроме того, авторами изучены факторы, повлиявшие на формирование языковых особенностей. В частности, они анализировали с точки зрения таких факторов, как историко-культурный, социально-политический и образовательный.

Ключевые слова: казахи Монголии, региональный язык, разговорная речь, лексика.

K.B. Kuderinova, Zh.D. Baiteliyeva

Traditional linguistic units in the language of Kazakhs of the Bayan-Olgeysky district of Mongolia

In addition to the dialects of the Kazakh language in Kazakhstan, one should mention the status of the Kazakh language, which has formed its written and oral literary norms in other regions, in a different linguistic environment, and is developing independently. An example of this is the language of the Kazakhs of Mongolia and China, who developed a standardized regional literary language based on their own written and spoken language. In this report, the Kazakh language of the Bayan- Olgeysky region of Mongolia is considered as a regional language of the Kazakh language. The linguistic features of this region are analyzed at the lexical, phraseological, and word-formation levels. For the analysis, materials from a scientific expedition to the Bayan- Olgeysky region, which took place last year, were used. In addition, the report includes factors that influenced the formation of linguistic features. In particular, it is analyzed from the point of view of such factors as historical-cultural, socio-political, and educational, which influenced the formation of linguistic characteristics.

Keywords: Mongolian Kazakhs, regional language, spoken language, vocabulary.

References

- 1 Mongoliadagy qazaqtar [Mongolian Kazakhs]. Retrieved from <https://kk.wikipedia.org/wiki/> [in Kazakh].
- 2 Lewis, M. Paul, Gary, F. Simons, & Charles, D. Fenning (Eds.). (2021). *Ethnologue: Languages of the World*. 24th edition. Dallas, Texas: SIL International. Online version.
- 3 Bazylkhan, N. (2014). Mongoliadagi turik tektes etnostar zhaynda [About Turkic ethnic groups in Mongolia]. *Ortalyq Aziyanyn qazaq diasporasy: tarikh — eskertkishter. Khalyqaralyq gylymi konseretsiia materialdary — The Kazakh Diaspora of Central Asia: history-culture-monuments. Materials of the international scientific conference* (pp. 67-71). Almaty [in Kazakh].
- 4 Bazylkhan, N. (1991). Mongoliadagi qazaqtardyn tili [The language of Kazakhs in Mongolia]. Ulanbatyr [in Kazakh].
- 5 Diener, A. (2009). «One Homeland or Two? The Nationalization and Transnationalization of Mongolia's Kazakhs». *Progress in Human Geography*. Retrieved from <https://journals.sagepub.com/doi/abs/10.1177/03091325110350010301>
- 6 Uderbayev, A. (2002). Mongoliadagi qazaq diasporasi tilindegi fonetikalyq areal qubylystardi salystyrmali zertteu [Comparative study of phonetic areal phenomena in the language of the Kazakh diaspora in Mongolia]. *Candidate's thesis*. Almaty [in Kazakh].
- 7 Alimbay, N. (Ed.). (2014). Qazaqtyng etnografialyq kategorialar, ugymdar men ataularining dasturli zhuesi [Traditional system of the Kazakh ethnographic categories, concepts and names]. Vol. 5. Almaty: “Azia Arna” baspasy [in Kazakh].
- 8 Kaliev, G., Nakysbekov, O., Sarybayev, & Uderbayev, A. (Comp.). (2005). Qazaq tilining aimaqtyq sozdigi [Regional dictionary of the Kazakh language]. Almaty: Aris [in Kazakh].
- 9 Kaliev, G., Bizakov, S., & Nakysbekov, O. (Comp.). (2011). *Qazaq adebi tilining sozdigi* [Dictionary of the Kazakh Literary Language]. Vol. 2. Almaty: Aris [in Kazakh].
- 10 Omaruly, K. (2021). *Sharyqtagandar [Those who are at their peak]*. Ulaanbaatar [in Kazakh].
- 11 (2007). Qazaq diasporasi tilining normativtik zhane dialektilik syptamasy [Normative-dialectal characteristics of the language of the Kazakh diaspora]. *Tiltanyndyq zertteuler (2000-2002 zhylgy zertteuler boiynsha zhinaq) — Linguistics (collection of studies 2000–2002)*. Almaty: Aris [in Kazakh].

Information about the authors

Kuderinova, Kuralay Bimoldinovna — Doctor of philology, Professor, Department of Speech Culture, A. Baitursynov Institute of Linguistics, Almaty, Kazakhstan. E-mail: kuralai.kuderinova@gmail.com; ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0001-5946-9397>

Baiteliyeva, Zhanar Daribekovna — Candidate of philological sciences, Assistant professor, Nazarbaev University, Astana, Kazakhstan. E-mail: zhbaiteliyeva@nu.edu.kz; ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0002-8906-5876>